

17.03.2021 жыл. № 000035

Көркем еңбек пәнінен жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері

КУСАНОВ ЖУМАБАЙ ТЛЕКТЕСОВИЧ

Павлодар облысы Тереңқөл ауданы Байқоныс ауылы

«Байқоныс жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Көркем еңбек пәні мұғалімі

Көркем еңбек пәнін оқытуда –еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым – қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.

Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізгі мақсатымыз –Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті - еңбек екенін уақыт дәлелдеуде .

Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу»бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде.

Біздің елімізде еңбекке үйрену –Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс –қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған . Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады.

Болашақ кәсіпкер:

- өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі;
- азаматтық нарыққа қатыса алады;
- өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы;
- жұмыстың сапасына жауап беруші.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу мектептің материалдық –технологиялық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты. Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау.

Ата-ана, ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп, жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет. Еңбек тәрбиесі - барлық тәрбиенің қайнар көзі.

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Көркем еңбек сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз. Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден - іске көшу».

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады.

Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі - мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек.

Сабақ - оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы. Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация –оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу - оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты. Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық.

Саралап оқыту - оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі.

- оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану

- сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану т. б.

Көркем еңбек - пәні география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі - қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі.

Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді.

Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан.

Балаларды еңбекке тәрбиелеу - қол еңбегі сабағынан басталады. Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді.

Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн .

Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады. Көркем еңбек сабағында жобалау әдісін қолдану

Жоба - әр түрлі бөлімдерден арнайы сызбалардан, суреттерден, жасалатын бұйымның технологиялық картасынан құралуы мүмкін. Ол бұйымдарды жасаған кезде есеп, экономикалық немесе экологиялық дәлелді түсінік хаттар да пайдаланылады.

Жобаның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін.

Мысалы, өте күрделі жобаны оқушының өзі ғана орындауы шарт емес. Сондықтан жобаның кейбір бөлігі дайын күйде берілсе, кейбір бөлімін оқушы мұғалімнің, ата-ананың көмегімен орындай алады. Егер бір күрделі жобаны бірнеше оқушы бірлесіп орындаса, әр оқушының үлесі алдын ала анықталуы қажет. Ол оқу жылының соңында өзінің орындаған шығармашылық жобасын оқушылардың және мұғалімнің алдында қорғайды .

Жобаны қорғау барысында қолданатын бұйымның ішінен қандай затты таңдап алу, ол бұйым қоғамға, өзіне достарына және ата-анасына қандай пайда келтіретіне ескеріледі.

Жобалау әдістемесінің талабы:

1. Міндетті түрде шешілетін мәселенің зерттемелік, ақпараттық, тәжірибелік болуы.

2. Жобаны орындау іс-әрекетті жобалаудан басталады

3. Әр жоба оқушыдан зерттеушілік жұмысы талап етеді. Сонымен, жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі - ақпаратты іздеу болып табылады.

4. Жобаның шығуының ең соңғы сатысы - нәтиже:

5. Дайындалған жоба тапсырыс берушіге немесе қоғамдық өкілдікке көз жеткізуі керек.

Шығармашылық жоба - әр оқушының жыл сайын мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, технология пәні бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыс. Шығармашылық жобаның технология пәнінде алатын орны өте зор. Шығармашылық жоба арқылы оқушының ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғамы дамиды. Оқушылар санасына жас кезінен бастап еңбек етуінің қажеттілігін, маңыздылығын сіңіру, пайдалы іс жасауға, қандай іс болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға дағдыландырады.

Оқытудың осындай идеяларын ұстанған сабақтарда оқушылар өз ойларын еркін айтатын болғандықтан, оларда түрлі пікірлер пайда болады. Олардың қандай да болмасын мүмкін қате немесе шала ойларын шыдымдылықпен тыңдап, оқушыларды сенімділікке бастау мұғалімнің басты міндеті.

* * * * *

17.03.2021 жыл. № 000036

Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі

АЛИБАЕВ ГАБИДУЛЛА МАНАРБЕКОВИЧ

Павлодар облысы. Тереңкөл ауданы. Байқоныс ауылы

"Байқоныс жалпы орта білім беру мектебі" КММ

Дене шынықтыру мұғалімі

Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулыққа байланысты.

А.Шопенгауер

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр–ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз. Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі.

Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады.

Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

- Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.

- Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.

- Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.

- Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.

- Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.

- Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.

- Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.

- Жалпы мектепішілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепішілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі.

Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт»деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейге жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі-өнеге болатыны үлкен дәлел.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», -деген болатын.

Елбасымыздың осы тұжырымы арқылы, мұғалімдер ұжымы өз алдымыздағы қоғамдық міндеттің жауаптылығын сезінуіміз қажет.

* * * * *

17.03.2021 жыл. № 000037

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМГЕ - ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

АЛИБАЕВА АСЕЛЬ ТУЛЕУОВНА

*Павлодар облысы. Тереңкөл ауданы. Байқоныс ауылы
"Байқоныс жалпы орта білім беру мектебі" КММ
Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі*

Қазақстан-2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады.

Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Ал, жанаша оқытудың негізгі мақсаты – оқушының белгілі бір пән бойынша терең түсіну қабілетін дамыту және алған білімдерін өмірде кездесетін кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету екендігін білдім.

Бұрын сабақтарымда мен оқушыларға өзім ізденіп дайын білімді ұсынып, сабақты бүге-шүгесіне дейін өзім түсіндіріп берсем, осы бағдарлама аясында оқушылардың ойлауы дамитыны, жаңа білімді түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарымен пікірлесе отырып алатынына көзім жетті. Жанартылған білімнің негізгі идеясын түсіне отырып, оқушылардың ойлау қабілетін қалай дамытатынымды ойластырып, жеті модульді кірістіре отырып химия пәнінен 7-8 сыныптарға арналған сабақтар топтамасын құрдым.

Мақсатым оқушылардың топтасып жұмыс жасауына, өздерін, бірін-бірі бағалауына және сабақты өз беттерінше меңгеруіне мүмкіндік жасау. Зерттеу бойынша ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен сыныптастарымен бірігіп жүргізген жұмыс баланың оқуына және танымдық әсері жоғары екені

дәлелденген. Сондықтан да сабақтарымда диалогтік оқытуды тиімді пайдалануға тырыстым. Мен оқушыларымды диалогтік оқуға тарту үшін тиімді сұрақтар қоя білуім керек екенін түсіндім. Сабақтарымды көбіне «Ойшақыру», «Миға шабуыл» т.б. әдістері арқылы бастаймын, себебі балалар сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын еркін айтып, сабақтың мақсатын ашып отырды.

ЖИГСО әдісі арқылы да жұмыс жасау барысында оқушылардың қызығушылықпен жұмыстанатынын байқадым. 8-класта өткізген «Адам организміндегі химиялық элементтердің биологиялық рөлі.» атты ашық сабақта осы әдісті пайдаландым. Барлық оқушыларымқызығушылықпен жұмыс жасады. Десек те бір оқушының өз ойын еркін жеткізе алмағанын байқадым. Сондықтан да ол оқушыға түрткі сұрақтар қою арқылы өз ойын айтуға ұмтылдырдым.

Психологиялық тренингтер арқылы кейбір оқушылардың бойындағы сенімсіздік пен қорқынышты жойып, класта жайлы атмосфераны қалыптастырдым. Үйреніскеннен кейін оқушылардың шаттық шеңберіне ықыласпен шығатынын байқадым. Үнсіз оқушыларымның өздері ортаға шыққан кезде сөйлеуге тырысып жатқаны мені қуантып тастады.

Топпен жұмыс жасатудың алғы шарты – оқушыларды топтарға бөлу. «ЖИГСО» әдісі арқылы т.б. топқа бөлу әдіс – тәсілдерін меңгеріп, сабақтар кезінде оларды дамыта түстім. Алғашында сабағымда кейбір оқушылар топпен жұмыс жасағысы келмейтіндіктерін айтты, себебі топ құрамы ұнамайды деді. Өзімнің жұмысымның жемісі деп оқушылардың осы әдіске үйренгеннен кейінгі сабақтарымдағы оқушылардың топқа бөлінудегі белсенділігін атап айта аламын.

Заман ағымына сай өзгере отырып, технологиялардың дамыған күрделі техника ғасырында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыра білу шебер мұғалімнің ерекшелігі. Қазіргі балаларды таң қалдыру қиын, сондықтан да балалардың химия пәніне деген қызығушылығын арттыру мақсатында, сабағымда түрлі әдістерді шебер қолдана білдім. Сабақтарымда тақырыппен таныстыру үшін өздерін ізденіске түсіруді көздедім. Осы тапсырманы орындаған кезде оқушылардың АКТ – мен жұмыс жасаудағы қызығушылығын байқадым.

Қосымша мәліметтерді ғаламтордан сабақ үстінде алуды, оны пайдаланып түрлі таныстырылымдар дайындауды үйренді және не білгендерін анықтау мақсатында түрлі әдістер арқылы жұмыстар жүргізуді тапсырдым. Барлық тапсырмаларды оқушылар топта, жұпта орындады. Сөйтіп, топта жұмыс жасауды үйренді. Топ мүшелерінің пікірін тыңдауға, құметтеуге, өз ойымен бөлісуге, ортақ шешімге келуге дағдыланды. Бұрынғы сабақтарымда оқушылар топтық жұмысты сайыс деп түсінетін болса, осы әдіспен оқытуда ынтымақтастықта жұмыс жасау керектігін ұғынды.

Топпен жұмыс барысында постер құруда, сыныптағы суретті жақсы салатын қабілетті оқушыларды байқадым. А. деген үнсіз оқушымның сурет салудағы қабілетін бұрын – соңды білмейтінмін. Өйткені сабақ үстінде сурет салуды уақыт тапшылығына байланысты өткізу мүмкін емес , ондай тапсырмаларды үйге беріп жіберетінмін.Топтық жұмыста дарынды және қабілетті оқушылардың да көшбасшылығын байқап отырдым. Себебі бірлесіп жұмыс жасауда, топтағы дарынды оқушы өзге топ мүшелеріне көмек, қолдау көрсете отырып, оның ойын құрметтеп отырды.

«Оқыту мен оқу үшін бағалау» модулінің де теориясың мәнін жете түсініп, тәжірибеде қолданған кезде оның тиімділігін білдім.

Формативті бағалаудың сапалы білім берудегі ролі басым екендігімен келісемін. Өйткені формативті бағалауды күнделікті сабақта қолдана отырып, менімен қатар оқушылар да өз білімдерінің сапасына әсер ете алады.

Сонымен қатар формативті бағалау оқушының сабаққа, оқуға деген ынтасын арттырады, себебі бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану баланың қызығушылығын оятады. Бағалауда оқушылар өз – өздерін, бір – бірін бағалауды, топтық, жұптық бағалау түрлерін меңгереді.

Бір сабағымда мен оқушыларды критерий арқылы бағалатсам, кейбір сабақта топ басшылары бағалады, ал кейбір сабақтарда өз-өздерін бағалады. Кейде критерийді өзім дайындап алып келсем, екінші сабақта өздеріне дайындаттым. Осы кезде мен кедергіге тап болдым . Себебі оқушылардың әлі де болса сөздік қорының аздығы, жүйелі сөйлей алмауы қатты әсер етті.

Сондықтан да осындай кедергілерді болдырмау мақсатында әр сабақтың кезеңдеріне тиімді бағалау түрлерін қолдана отырып, өз беттерінше пікір айтуға тілек білдіруге дағдыландырдым.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытыңда жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

20.03.2021 жыл. № 000043

Бұйым дайындау. Бұйымды безендіру

АЛЬМАХАНОВА НАЗИРА АМАНЖОЛОНА
 Түркістан облысы Төлеби ауданы Ленгір қаласы
 З.П.Тәжібаева атындағы жалпы орта мектептің
 көркем еңбек пәні мұғалімі

<p>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: «Дизайн және технология» Күні: Сынып:</p>	<p>Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:</p>
<p>Сабақ тақырыбы</p>	<p>Бұйым дайындау. Бұйымды безендіру</p>
<p>Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>5.2.3.3 Шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану</p>
<p>Сабақ мақсаттары</p>	<p>Барлық оқушылар: Оқушылар технологиялық реттілікпен қол тігісі мен машина тігісін, ылғалды-жылумен өңдеу операциясын қолданып, қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, таңдалған бұйымды құрастырып, тігеді. Оқушылардың басым бөлігі: Оқушылар технологиялық операцияны орындау сапасын, жұмыс барысында еңбек тәртібі мен еңбек мәдениетін, қауіпсіздік ережесін сақтау бойынша ағымдық бақылауды өздігімен жүргізеді. Кейбір оқушылар: Бұйым конструкциясына және оны дайындауға қажеттілігіне қарай өзгеріс енгізеді</p>
<p>Бағалау критерийі</p>	<p>Өз бұйымында қазақтың ұлттық нақышын қолданады</p>
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>-Құрақ құрау- лоскутное шитье-quiting , -құрақ құрау түрлері , -квилт техникасы, -печворк өнері</p>
<p>Құндылықтарды дарыту</p>	<p>Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу. Экономикалық өсу – бұл біздің еңмаңызды міндетіміз, Қазақстанның өңірлік және жаһандық бәсекеге қабілеттілігі осыған тікелей байланысты. Біздің</p>

	басты міндетіміз – өндірісті, білім мен ғылымды біріктіру, инновациялық – индустриялық кластерлерді дамыту. Сондықтан елімізде ғылым саласының шешуші реформалары, білім беру жүйесі жаңғырту жүргізілуде, техникалық және кәсіби мамандар даярлаудың жаңа тиімді жүйесі жасалды.
Пәнаралық байланыстар	Тарих әлем өнері колөнер туындылар шығармаларымен танысады Физика тоқыма материалдарының түрлері мен құрылысы және қасиетін біледі
Бастапқы білім	Қарапайым тоқыма өрімдерін біледі. Қол жұмыстарын орындау кезінде жұмыс орнын ұйымдастыруды және қауіпсіздік ережесін біледі. Қол тігістерін орындауды, өзін-өзі бақылау элементтерін қолдана отырып, олардың сапасын анықтауды біледі. Өз шығармашылық жұмыстарын жасау үшін практикалық дағдылары бар.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы Өткенді қайталау	Психологиялық дайық – Балалар, айналамызда көңіл-күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі- көңіл ажар ! Күліп өмір сүрейік! Сабақтың тақырыбымен танысу. Ой қозғау	Сұрақ-жауап әдісі
Сабақтың ортасы	Тапсырма Құрақ көрпеше / квилт техникасында жамылғы дайындауда ұлттық элемент қолданыңыз. <i>Үлгі</i> Критерийі Өз бұйымында қазақтың ұлттық нақышын қолданады Дескриптор - бұйым жасау кезінде ұлттық ою-	Мата қиындылары, ине ,жіп, қайшы, тігін машинасы т.б.

	<p>өрнектерді қолданады; - бұйым жасау кезінде қауіпсіздік ережесін сақтайды; - бұйымды ұқыпты жасайды.</p>	<p>http://www.neva-mozaika.ru/ - Петербургский сайт по рукоделию, вышивке</p>
Сабақтың соңы	<p>Кері байланыс Өзін-өзі бақылау және сабақ критерийлердің өзін-өзі бағалау. Оқушылармен сабақтың соңында атқарылған жұмысқа талдау жасау.</p>	Басбармақ әдісі
<p>Саралау Оқушылар технологиялық реттілікпен қол тігісі мен машина тігісін, ылғалды-жылумен өңдеу операциясын қолданып, қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, таңдалған бұйымды құрастырып, тігеді. Кейбірі: Бұйым конструкциясына және оны дайындауға қажеттілігіне қарай өзгеріс енгізеді</p>	<p>Бағалау – Кері байланыс Бағалау парақшаларын толтыру. Рефлексия. «Мен үшін бүгін ...құнды болды, себебі» Басбармақ Басында, ортасында және алдыңғы сабақта үйренген материалдарға шолу жасау. Бақылау, тыңдау Сұрау</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы Басқалармен жұмыс, пікірлерді құрметтеу</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаттары/оқу мақсаттары шынайы болды ма? Оқушылар бүгін нені үйренді? Сабақтағы көңіл-күй неге ұқсас болды? Менің дифференциялық әдісім дұрыс болдыма? Мен уақытында үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай өзгерістер енгізуді қалар едім және неге?</p>	<p>Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауапберіңіз</p>	
Жалпы баға		

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқытутуралы да, оқутуралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

20.03.2021 жыл. № 000044

А дыбысы және әрпі

АТАБАЕВА МАРАЛ МАРАТОВНА

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
Ы.Алтынсарин мектебінің мектепалды
дайындық топ тәрбиешісі

МАД тобы	Тәрбиеші:	Уақыты:
Тақырыбы	А дыбысы және әрпі	
Сабақтың мақсаты	<p>Білімділік: А әрпін таныту. А дыбысының сөздегі орнын айыра білу. Баспа және жазба түрлерін жазуға үйрету.</p> <p>Дамытушылық: Сөздік қорын молайту, сөйлем құрастыру, байланыстырып сөйлеуге, ойлауға, есте сақтау қабілеттеріне үйрену.</p> <p>Тәрбиелік: Алманың пайдасы туралы, аурудың алдын алуға кеңес беру.</p> <p>Сабақтың типі: Жаңа білімді игеру.</p> <p>Сабақтың әдісі: Көрнекілік, сұрақ - жауап, баяндау, сынау, түсіндіру.</p>	
Көрнекіліктер	Үлестірмелі суреттер, плакат т.б	
Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалардың іс — әрекеті
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	<p>Психологиялық дайындық.</p> <p>Үлкенге де «сіз», Кішіге де «сіз».</p> <p>Сәлем бердік сіздерге, Құрметпенен біз.</p>	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	<p>Ойын: «Не артық?»</p> <p>- Көліктің қандай түрлері бар?</p> <p>- Ертеде көлік болмаған кезде нені пайдаланған?</p> <p>Машина, ұшақ, тікұшақ, троллейбус сөздерін буынға бөлгізу.</p> <p>Ма - ши - на, ұ - шақ, тік - ұ - шақ, т. б.</p> <p>Сөйлемдер құрату.</p>	Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.

	<p>Мұғалім:- Сөйлем нелерден құралады? (сөздерден)</p> <ul style="list-style-type: none">- Сөз неден құралады? (буыннан, дыбыстан)- Дыбыстың неше түрі бар?- Дыбысты не істейміз? (естіміз, айтамыз) <p>Ойын: «Ажырат» Жабайы жануарлар мен үй жануарларын екіге бөліп, ажырату (мүсіндерін) «Сәйкестендір». «Өз төлін тап». Ұйқасын тап.</p> <ol style="list-style-type: none">1. Өзіңше ноян, 3. Жағасында бұлақ, Қорқақ кім? (қоян) Жайылып жүр (лақ)2. Алмастан тыным, 4. Айбар шегер алыстан, <p>Шабады (құлын) Аң патшасы (арыстан). Суретпен жұмыс. - Бұл сөздер қандай дыбыстан басталып тұр? - А дыбысынан.</p> <p>Ендеше, бүгінгі сабақта А дыбысы мен әрпімен танысамыз. Суретті әліппемен жұмыс. А - а - а а - дауысты дыбыс. - А дыбысы созылып, кідіріссіз, ашық айтылады. Ендеше а дыбысы дауысты дыбыс.</p> <p>Мұғалім: «А» дыбысын естісек, енді көреміз. Дыбыстың жазудағы таңбасы әріп. Мынау а әрпінің баспа түрі, мынау жазба түрі. Баспа түрі - кітапта, газеттен көріп оқимыз. Бас әрпі, кіші әрпі. Жазба түрін - дәптерге жазамыз. Бас әрпі сөйлемнің басында, адам,</p>	
--	---	--

	<p>жер - су аттарында жазылады. Кіші әрпі сөз ортасында, аяғында жазылады. А әрпін қызыл үйге кіргізейік. Мынау жазба түрі А а Төменгі жағы солға имектелген ұзын көлбеу - Төменгі жағы оңға имектелген ұзын көлбеу - Белін сызамыз.- А бұл бас әрпі. о - бүтін құрсау және төменгі жағы оңға имектелген кіші көлбеу. Оқулықпен жұмыс. - Бала не істеп жатыр? - Балаға а дыбысынан басталатын ат қояйық. Айбек алма жинады. Мынау - алма ағашы. Сөйлем құрау. Алма ағашында алмалар көп. Алманың түсі қызыл. Алманың дәмі тәтті. Алма сөзін буынға бөлейік: ал - ма, 2 буын, 2 дауысты дыбыс бар. Суретпен жұмыс. Алмұрт 2 буын, а — дыбысы сөздің басында. Апельсин 3 буын, а — дыбысы сөздің басында. Анар 2 буын, а — дыбысы сөздің басында. ортасында. Жемістер пайдасы. Мұғалім: Жемістер адамға өте пайдалы. Олардың құрамында дәрумендер (витаминдер) болады. Алма – В дәрумені. Апельсин – С дәрумені. Алмұрт – В дәрумені.</p>	
--	---	--

